КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 24 сәуір №7119-24-00-2/4407 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қаныш Сәтпаев атындағы канал филиалы» Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
«РИЗВАН» Юлдуз Бейбитовна Гаппаровамен ұсынылған жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қаныш Сәтпаев атындағы канал филиалы» Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның жауапкер «РИЗВАН» Юлдуз Бейбитовна Гаппаровамен ұсынылған жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«РИЗВАН» Юлдуз Бейбитовна Гаппаровамен ұсынылған ұсынылған жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«РИЗВАН» Юлдуз Бейбитовна Гаппаровамен ұсынылған ұсынылған жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Төлебекова Ғ. С., 24.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.07.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 23.07.2024
7119-24-3-1/3865

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Құжатқа қол қойылған: Төлебекова Ғ. С., 24.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.07.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 23.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»